

*А. М. Сайтбеков, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент, полиция подполковнигі;*

*А. Ш. Әбілқасымова, Ғылыми зерттеу институтының ПО әкімшілік қызметі және басқару мәселелерін зерттеу жөніндегі орталығының аға ғылыми қызметкері, полиция подполковнигі*

*(Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

## ЖАСТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ШЕКТЕН ШЫҚҚАН КӨЗҚАРАС ПЕН ІС- ӘРЕКЕТТІҢ ЖОЛЫН КЕСУ— ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ОТАН АЛДЫНДАҒЫ ҚАСИЕТТІ БОРЫШЫ

Елбасымыз «Қазақстан-2050» Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты өзінің Жолдауында ХХІ ғасырдың жүкпалы індет ауруы — бүгінгі біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесінің өткір тұрғаны, жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайтыны, өйткені, біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни эсерлерге иммунитеті әлсіз екендігі жөнінде атап өтті<sup>1</sup>.

Сондай-ақ осы Жолдауда: «Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек» делінген. Діни экстремизм қаупінің ерекше алаңдатушылық тудырып отырғанына назар аударып отырып, «Түрлі діни экстремистік ұйымдардың кері эсерінен халықты, оның ішінде жастарды адасудан сақтандыру — біздің басты міндетіміз» деп көрсетті<sup>2</sup>.

Қазіргі таңда алыс-жақын және көршілес мемлекеттерде орын алып отырған теріс ағымдағы діни үшқындардың нәтижесі лаңкестік оқиғалар мен діни көзқарастың ауытқуына жол беру көріністері, дәстүрлі діннің құндылықтарын жоққа шығару — біздің қоғамдағы әрбір азаматты, оның ішінде жастарымызды діни экстремизм мен терроризм уының ушығына жол бермеуге міндеттейді.

Осы мәселеге байланысты 2006 жылғы 8-қыркүйекте Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы «Ғаламдық террормен күрес» стратегиясын қабылдады. Бұл құжатта БҰҰ-ға мүше мемлекеттер экстремизм мен терроризмнің барлық пішінін біржақты айыптайды және осыған қарсы тығыз ынтымақтастық арқылы әрекет етуге дайын екендігін көрсетеді. Стратегияны әр мемлекет шынайы түрде іске асырған жағдайда ғана діни экстремизммен күрес өз нәтижесін береді.

Ағымдағы жылғы 26 ақпанда Премьер-министр Серік Ахметовтің төрағалығымен өткен үкімет отырысында «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі Тұжырымдамасының жобасы қаралып, мақұлданды. Онда «Өмірлік тәжірибесі мен білімі жоқ жастар өзінің саяси мақсаттарын іске асыру үшін жастарды айналдыратын сыртқы және ішкі ыдыратушы күштердің ықпалында қалу қаупіне ұшырайды. Экстремистік көзқарастар мен идеялардың жастар арасына енуі, жастарды құқыққа қарсы итермелеу қоғамдағы этносаралық, мәдениетаралық және конфессияаралық келісімдерді бұзу қаупін туғызады»<sup>3</sup> деген жолдармен жастардың өзекті проблемалары көрсетілді.

Конституцияның 12-бабының 5-тармағында: «Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс» деп белгіленген қағидаттың түп нұсқасы ол ешкімге де, ешқандай да қоғамға жат қылық істеуге

және өзгенің құқығына да нұқсан келтіруге жол берілмейтінін, барлығы да Конституция мен заңдар аясында болуға тиіс екендігін білдіреді.

Ал, 19-баптың 1-тармағында: «Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы» делінген ұғым егемен еліміздің әрбір азаматына арнап конституциялық құқық берген<sup>4</sup>.

Бұл құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру барысында, қоғамдағы қатынастарды реттеу бағытында 2005 жылғы ақпан айында қабылданған «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, конституциялық құрылыс негіздерін қорғау, Қазақстан Республикасының егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында экстремизмге қарсы іс-қимылдың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды<sup>5</sup>.

Осы Заңның 1-бабының 5-тармағында: «экстремизм — жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атынан іс-әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы» деп құқықтық талдау жасалынған<sup>6</sup>, ал экстремизм (extremus) деген латын тілінен енген терминнің сөздік мәні соңғы, шеткі деген мағынаны білдіреді, ал саяси мағынасы шектен шыққан көзқарас пен іс-әрекет арқылы ерекшеленетін күрделі әлеуметтік феномен. Сонымен қатар бұл тікелей немесе жанама түрде парламенттік демократияны жоққа шығаратын саяси қызмет түрі<sup>7</sup>.

Бұл жөнінде Жексенбай Дүйсебаев мырза өзінің «Діни экстремизммен күрес күшейтілуі тиіс» деген мақаласында: «Соңғы жылдары экстремистік және террорлық әрекеттер әлем елдері үшін жаңа мыңжылдықтың бас ауруы болып отыр. Әлемдік қоғамдастық аталған жаһандық проблеманы шешу жолында күш біріктірмесе, бұл қатер белең ала түсуі әбден ықтимал. Осы орайда қауіпсіздікті қамтамасыз етуде адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау мемлекеттің бірден-бір негізгі бағыты болып табылады», — деп ой түйеді<sup>8</sup>.

Аталған мәселені зерттеу нәтижесі экстремизмнің туындауы мен терроризм халықаралық сипаттағы қоғамға қауіпті қылмыстардың ең қауіпті түрі болып табылатынын, сондай-ақ әлем елдерімен қоса көптеген ұлт өкілдері мен конфессиялардың ауызбіршілігін сақтап отырған біздің мемлекетіміз үшін де бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отырғанын көрсетеді. Осы қауіпті қылмыс атанып отырған экстремизмнің ақ пен қараны әзір айыра қоймайтын жасөспірімдер үшін де тигізер ықпалы зор екені даусыз.

Еліміздегі дәстүрлі емес діни ұйымдардың үгіт-насихатына жұмыссыздар, өмірден өз орнын таппағандар, рухани ізденісте жүргендер, жеке басы және отбасындағы психологиялық қиындықтарға төзе алмағандар, дәстүрлі дінді терең білмейтіндер, әсіресе жастар тез ілігуде. Бұл ұйымдар назарларына іліккендерді отбасылық байланыстардан үзу үшін белсенді түрде жұмыс жүргізуде.

Мәселен, өз еліміздегі ғаламтордағы ақпаратқа сүйенсек, ағымдағы жылғы 15 мамырда Астана қаласындағы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотта қоғамдық қауіпсіздікті бұзып, халықты қорқыту мақсатында жарылыс жасауға дайындалып, ымыраласты, террористік топ құрды, қару-жарақ ұрлады және басқа да ауыр қылмыстар жасады деп айып тағылған 6 адам жауап беруде екені жөнінде ақпарат берілді. Онда «Шарипов бұл үшін Астанадағы бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан Республикасының жоғары лауазымдағы тұлғаларының қатысуымен астаналық опера және балет театрының ашылуы кезінде өзін-өзі жарып жіберуі мақсатында өзінің кәмелетке толмаған әйелін өлімге кесілуші ретінде дайындай бастаған» делінген. Сарапшының қорытындысы бойынша, олардың айтқан сөздерінде қаруланған джихат нысанында терроризмді насихаттау және жарылыс жасауға шақырудың барлығы анықталған.

Бұдан біз, діни уағызды пайдаланып, кәмелетке толмағандарды қоғамдық жат қылықтар мен теріс әрекеттерге тартып жүрген адамдардың пайда болуының орын алып отырғанын көреміз. Мұндай діни уағыздың ықпалына түсуге көбіне жағдайы қолайсыз отбасылардан шыққан балалардың бейім келетіні белгілі. Кейбір кәмелетке толмағандар үшін үлкендердің істеген құқыққа қарсы әрекеттері жағымды іс ретінде қалыптасады. Бос уақыттың көптігі, ата-ана және мұғалімдердің тарапынан бақылаудың өз дәрежесінде болмауы, құқықтық сауатсыздық, кәмелетке толмағандар арасында жүргізілетін профилактикалық жұмыстардың жеткіліксіздігі де құқыққа қайшы әрекеттердің жасалуына себепші болады.

2013 жылғы 19-маусымдағы «Хабар» телеарнасынан «Атырау қаласында тұратын 18 жастағы әйел терроризмді насихаттағаны немесе теракті жасауға ашық түрде шақырғаны (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 233-1-бабының 1-бөлігі бойынша) және кәмелетке толмағанды азаптағаны (107-бап) үшін жалпы колония режиміне жеті жылға бас

бостандығынан айыру жазасына кесілді» деген ақпарат берілді. Ақпарат бойынша, 2012 жылы көктемде «Көктем» саябағы поселкесінде ұстау кезінде өлген экстремистердің бірінің 18 жастағы жесір әйелі өзінің 12 жасар өгей баласын оның әкесін арнайы қызметтің қызметкерлері өлтіргеніне және оның «шахид белдігін» киіп, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаментіне кіріп өзін-өзі жарып өш алуы қажет екендігіне иландырған.

Сонымен бірге соңғы жылдарда экстремизмнің туындауымен қатар терроризм актілері туралы жалған хабарламалардың орын алу фактілері де жиілей бастады.

2013 жылғы 14-ақпандағы «Айқын» газетінде жарияланған мақаласында Қайыржан Төрежан: «Бұрын шетелдерде болып жатыр деп еститін экстремизм, терроризм терминін біз де жиі қолдана бастадық. Қазақстанда террористік сипаттағы қылмыстардың кең тараған түрі — терроризм актілері туралы жалған хабарламалар» деп жазады<sup>9</sup>.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Криминалдық полиция комитеті Экстремизмге қарсы күрес басқармасының бастығы, полиция полковнигі Еркін Қалиевтің осы басылымда берген сұқбаты бойынша, ең көп тараған «телефондық терроризм» нысанына — вокзалдар, әуежайлар және көлік бекеттері (37,2 пайыз), демалыс және ойын-сауық орындары (24,8 пайыз), әкімшілік ғимараттар (18,6 пайыз), оқу орындары (16 пайыз), тұрғын үйлер (15,1 пайыз) жатады. Сараптама көрсеткендей «жалған террористердің» көбі ер адамдар болып табылады. Сондай-ақ кәмелетке толмағандар, әсіресе, мектеп оқушылары мен студенттер көбінесе қойылған «бомбалар» туралы жалған хабарлама бере отырып, «қалжыңдауды» әдетке айналдыруда. Бірақ бұл қалжыңның соңы насырға шабатынын біле бермейді. Адамдарды қылмысқа итермелейтін белгілі бір себептер болады. Мәселен, сабақ оқығысы келмейтін оқушылар, жұмыс істегісі келмейтіндер, бұзақылық пиғылмен кек алғысы келетіндер осындай әрекеттерге барады. Сондай-ақ көреалмаушылық, қызғаныш немесе психикалық күйзелістер де себеп болуы мүмкін делінген. Сондай-ақ осы сұқбатта былтырғы жылы террористік бағыттағы жалған ақпарат беру қылмыстарын жасағаны үшін 97 азамат, оның ішінде 18 кәмелетке толмаған жастар ұсталды деп көрсетілген.

Жастарымызды мұндай теріс қылықтардан аулақ болуға шақыру, олардың арасында осы тақырыпта үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізуді іске асыру мақсатындағы: «Біз қоғамда, әсіресе, жастар арасында діни экстремизм профилактикасын күшейтуіміз керек»<sup>10</sup> деп, — Елбасының Жолдауында атап көрсетілгеніндей, осы мәселелердің бетін бұрудағы ең негізгі және маңызды бірден-бір бағыт — ол мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық бірлестіктердің, мемлекеттік емес ұйымдардың барлық мүмкіндіктерін пайдалану жолымен ескерту жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Осыған байланысты экстремистік діни идеологияның таралуына тосқауыл қою бойынша тиімді әлеуметтік-экономикалық шаралар кешенін қабылдаудың, ақпараттық-ағартушылық іс-әрекеттің, алдын алу мен ескерту жұмыстарын жүргізудің белсенділігін арттырудың маңызы өте зор.

Сол себепті, олардың жолын кесу, ескерту қылмыстық тұрғыда ғана емес, сонымен бірге ескерту-алдын алу, әсіресе оның жасөспірімдер арасында алдын алу шараларын жүргізуді күшейтуге бағытталуы тиіс.

Ойымызды қорытындылай келе төмендегідей ұсыныстар ортаға салсам деп едім:

1. Біздің дәстүрлі елдің құқықтық мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сананың қалыптасуы, шектен шыққан көзқарас пен іс-әрекеттік идеологияның таралуына тосқауыл қою және көзделінетін құқықтық жауапкершілік тақырыптарында жоғары оқу орындарында, арнайы орта және орта білім беру мекемелерінде арнайы деректі мысалдармен әртүрлі шаралар өткізудің әдістерін жетілдіру;

2. Көрсетілген мәселеге қатысты құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды, кері ағымдағы ұйымдарды және олардың ықпалына түсуге жасөспірімдер мен жастардың бейімделу фактілерінің себептерін анықтауға бағытталған сауалнамалар жүргізу;

3. Сенім телефондарын көрсете отырып, жоғары және арнайы орта білім беру мекемелерінде, орта білім беру мектептерінде, мекемелерде, аялдамаларда жадынамалар ілу әдістерін жандандыру;

4. Теріс бағыттағы діни ағымдардың ықпалынан сақтандыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы елімізде болып жатқан діни ахуалмен жастарды үнемі хабардар етіп отыру.

1 Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан. 2012. 15 желтоқсан.

2 Сонда.

- 3 «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі Тұжырымдамасы.
- 4 Қазақстан Республикасының Конституциясы.-1995. 30 тамыз. Алматы. — 2011.- 44-6.
- 5 «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. // 2005. 18 ақпан.
- 6 Сонда.
- 7 С. И. Ожегов. Толковый словарь русского языка. — М., 2006. — С. 1357.
- 8 Дүйсебаев Ж. Діни экстремизммен күрес күшейтілуі тиіс. // Егемен Қазақстан. 2011.1 қазан.
- 9 Қайыржан Төрежан. Жалған лаңкестерге жаза қатаң. — Айқын. 2013. 14 ақпан.
- 10 БҰҰ Бас Ассамблеясының «Ғаламдық террормен күрес» стратегиясы. // 2006. 8 қыркүйек.